



КӨНІЛ АЙТТЫ

Мемлекет басшысы Корея Республикасы Президентінің міндетін атқарушы Чой Сан Мокқа көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Муан әуежайында болған ұшақ апатының салдарынан көптеген адамның қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізді.

Президент жақындарынан айырылған отбасыларға және барша достас корей халқына көңіл айтып, апаттан зардап шеккен азаматтардың тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірді.

ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңға қол қойды.

— Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік наградалар, білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды, — делінген хабарламада.

ҚҰТҚАРУШЫҒА ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Әзербайжанның Azal компаниясына тиесілі ұшақтың апатқа ұшырауынан зардап шеккен адамдарды құтқару кезінде ерлік, кәсібилік және азаматтық жауапкершілік танытқаны үшін бір топ қазақстандықты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Олардың арасында ТЖМ өкілдері, медицина мамандары, полицейлер, «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» акционерлік қоғамының жұмысшылары және Ақтау әуежайының қызметкерлері бар.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Маңғыстау облысы Полиция департаментінің криминалисі Айбек Әлібаев Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті Басқудық ауылы №12 өрт сөндіру бөлімінің командирі Серіболат Оңғар, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті авариялық-құтқару жұмыстары және өрт сөндіру қызметінің №12 өрт сөндіру бөлімшесінің өрт сөндірушісі-құтқарушысы Олжас Байтөре, Қорғаныс министрлігі 30153 әскери бөлімшесінің алыс жетекті радиомаркер пунктін бөлім бастығы (ауысым бастығы) Нұрлан Ботағарин, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті авариялық-құтқару жұмыстары және өрт сөндіру қызметінің №1

мамандырылған өрт сөндіру бөлімшесінің аға өрт сөндірушісі-құтқарушысы Марлен Саркенов Рақымжан Қошқарбаев атындағы III дәрежелі «Айбын» орденімен, Маңғыстау облыстық көпсалалы ауруханасының орталық менгерушісі Бақытжан Қойбеков пен Ақтау халықаралық әуежайы медициналық пунктін менгерушісі Ирина Кочергина «Құрмет» орденімен марапатталды.

«Ерлігі үшін» медалімен Маңғыстау облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем станциясының фельдшері Тимур Қисаев, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының дәрігері Оспан Оразбеков, «Қазэронавигация» РМК Ақтау филиалындағы «Вышка» диспетчерлік пунктін диспетчері Ярослав Толстиков, «Маңғыстау өңірлік электротораптық компаниясы» АҚ Ақтау электр желілер ауданының шебері Нұралы Шопанов, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау

облысы бойынша филиалының жүргізуші-санитары Қожабек Аллабергенов, Маңғыстау облысы Төтенше жағдайлар департаменті «Жедел құтқару жасағының» құтқарушысы Манас Бағитов, «Қазавиақұтқару» АҚ екінші ұшқышы Әлішер Естемес, «Қазавиақұтқару» АҚ әуекесінің командирі Асхат Құдабаев, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының фельдшері Заманбек Құбайдуллаев марапатталды. Ақтау халықаралық әуежайының қызмет бастығының орынбасары Бекболат Жұмағұлов, ҚР Әділет министрлігі «Сот сараптамалары орталығы» Маңғыстау облысы бойынша филиалының маманы Эльдар Оразалиев, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Апаттар медицинасы орталығының Маңғыстау облысы бойынша филиалының психологі Жан Есен «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері атанды.

Сонымен қатар 51 адамға Президентің Алғысы жарияланды.

СЫНДАРЛЫ КЕЗЕҢНЕН СҮРІНБЕЙ ӨТТІК

Қазақ халқы ежелден кібісе жылын табиғаттың ерекше құбылыстарымен немесе ел тарихындағы маңызды оқиғалармен байланыстырған. Расымен де, биылғы 2024 жыл ел есінде қаларлық елеулі оқиғаларға толы болды. Атап айтсақ, мемлекет қазынасына қайтарылған активтер есебінен мектептер, ауруханалар және спорт нысандары салынып, қоғам әділдікке қадам басқанын көрсетті.



→ 2



«ТАЗА БЕЙСЕНБІ» ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы іске асырыла бастаған болатын. Бұл игі бастаманы «AMANAT» партиясы қолдап, республика көлемінде «Таза бейсенбі» акциясын қолға алған еді. Жылдың соңғы бейсенбесінде де аманаттықтар игі дәстүр бойынша тазалық жұмыстарына бір кісідей жұмылды.



→ 3

МЕРЕЙЛІ ЖЫЛДАР МЕРЕКЕСІ




Мәдениет – қоғамның рухани кемелденуіндегі негізгі бағыт. Биыл елімізде осы бағытта бірқатар ілкімді жұмыстар жүзеге асты. Музыкада, кино өндірісінде, әдебиетте де елеулі оқиғалар болып, біраз белестерді бағындырды. Жыл айтулы даталарға толы болды. Солардың ішінде қазақ даласында туып, түрлі тақырыпқа қалам тербеген жазушылар мен саф өнерімен жұртты таңдай қақтырған өнер майталмандарының мерейтойларына тоқталып, шолу жасағанды жөн көрдік.

→ 6

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

БІЛІМДІНІҢ КҮНІ ЖАРЫҚ

Биыл еліміздегі білім және ғылым саласында бірқатар өзгеріс болды. Отандық білім беруде цифрлық технологияларды белсенді енгізе отырып, бағалау жүйесін трансформациялау, жоғары оқу орындарында ғана емес, мектепте де тестілеу жұмыстарын цифрлық жүйелер мен заманауи технологиялар арқылы жүзеге асыру көзделіп отыр.



→ 5

ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА ҚАДАМ, ЖАҢА БАҚЫТ!

Ел жылнамасының тағы бір тарихи кезеңін аяқтап, жаңа белесіне қадам басамыз. Өткен жылды қорытындылап, енді бір баянды кезеңге берекелі жоспар құрамыз. 2024 жыл халқымыз үшін сын-қатері мен жақсылық-жетістігі қатар келген жыл болды.



→ 8



Қазақ халқы ежелден кібісе жылын табиғаттың ерекше құбылыстарымен немесе ел тарихындағы маңызды оқиғалармен байланыстырған. Расымен де, биылғы 2024 жыл ел есінде қаларлық елеулі оқиғаларға толы болды. Атап айтсақ, мемлекет қазынасына қайтарылған активтер есебінен мектептер, ауруханалар және спорт нысандары салынып, қоғам әділдікке қадам басқанын көрсетті. Халықаралық аренадағы елдің саяси мәртебесін биіктеткен ұйымды өзгерістерден де құр алақан емеспіз. Мысалы, Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі қарсаңында ұйымдастырылған Астана саммиті, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының саммиті, Әлемдік діндер көшбасшыларының басқосуы және т.б. Сондай-ақ елдің қабырғасын қайыстырған су тасқыны апатында да халықтың ауызбіршілігіне куә болдық. Елден заңсыз шығарылған активтер қазынаға қайтарылып, сол қаражат есебінен әлеуметтік нысандар бой көтерді. Ауылдық медицина мен тұрғын үй құрылысы жаңа деңгейге шықты. Сондықтан бұл жылды сөзсіз Қазақстанның дамуы мен бірлігінің айқын көрінісі деуге болады.

Мұндай активтердің жалпы сомасы 670,5 млн долларды немесе шамамен 297,5 млрд теңгені құрайды. Атап айтқанда, олардың қатарында Аустриядан (36,8 млрд теңге), Лихтенштейннен (116,7 млрд), БАӘ-ден (6,3 млрд), Түркиядан (6,5 млрд) қайтарылған ақша, одан бөлек шетелдік бағалы қағаздарды сатудан түскен ақша (135,8 млрд) бар. Сонымен қатар Ресей мен Францияда да активтер анықталып, бүгінде «Қайтарылған активтерді басқару компаниясына» берілді. Кімнен қанша қаражат алынғаны сотқа дейінгі тергеу құпиялығына байланысты ашылмады.

мүмкіндік береді. Келісім бойынша, қазақстандықтар Қытайда 30 күнге дейін тұрақты бола алады, ал 180 күнтізбелік күн ішінде жалпы 90 күннен аспауға тиіс. Бұл келісім қазақстандықтарға Қытайды туристік тұрғыдан танып-білуге жаңа мүмкіндіктер ашып, сонымен қатар Қытай азаматтары үшін Қазақстанның туристік тартымдылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл өз кезегінде туристік салаға қосымша табыс әкеліп, жаңа жұмыс орындарын ашуға септігін тигізеді. Осылайша, Қазақстан мен Қытай арасындағы визасыз режим экономикалық және туристік тұрғыдан оң әсерлерін беріп отыр.

А Кәмила ЕРКІН

СЫНДАРЛЫ КЕЗЕҢНЕН СҮРІНБЕЙ ӨТТІК



пен адалдықты қоғамның негізгі құндылықтарына айналдыруға үндеді. Бұл — Әділетті Қазақстанды құру жолындағы ең сенімді бағыт.

Құрылтай барысында ел игілігі үшін маңызды мәселелер көтерілді: есірткі саудасы, нашақорлық, лудомания және буллинг сынды қоғам кеселдеріне қарсы күрестің жаңа стратегиялары талқыланды. Президенттің ойынша, ұлттың жана бейнесін қалыптастыру үшін әрбір азамат өзіне жүктелген жауапкершілікті түсініп, адал еңбекке ұмтылуға тиіс.

Ұлттық құрылтайдың отырысы тарихи жаңғырудың, ұлттық мұраттарымыздың жана белестерін айқындап берді. Келесі құрылтайдың Көкшетауда өтуі — тарих пен болашақтың үндесуі ретінде тағы бір жарқын қадам болмақ.

ЕЛ БІРЛІГІ СЫНАЛҒАН СӘТ

2024 жылдың көктемінде елдің бірнеше облысын су басты. Тасқын салдарынан 100 мыңнан астам адам баспанасыз қалып, жеті қазақстандық қаза тапқан болатын. Бұл — ел тарихында соңғы 80 жылда болмаған ең ірі су тасқыны апаты. Нәтижесінде, он өңірде төтенше жағдай жарияланды, Мемлекет басшысы жағдайды жеке бақылауына алды. Соның арқасында зардап шеккендерге қысқа мерзім ішінде өтемақы төленіп, үй-жайы қайта қалпына келмейтін азаматтарға жана баспана берілді. Апат салдарынан бұзылған инфрақұрылым жүйелері де жөнделді. Десе де, билік пен халық бірігіп, отандық бизнесмендер, халықаралық компаниялар және көршілес елдердің тұрғындары қосыла, жұмылған жұдырықтай зардап шеккендерге көмек көрсетті.

Мәселен, жалпы сомасы 13,3 млрд теңгеге 36,5 мыңға жуық отбасы 100 АЕК мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек алды, ал 22 мыңға жуық отбасына жалпы көлемі 9,9 млрд теңге болатын 150 АЕК мөлшерінде өтемақы төленді. Су тасқыны

2022 жылдан бастап мемлекетке және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне 1,1 трлн теңгеден астам сомаға мүлкітік активтер мен ақша қаражатын қайтарылған. Бұл қаражат мектептер, даму орталықтары, ауруханалар, спорт нысандары және басқа да әлеуметтік маңызы бар объектілерді салуға жұмсалды. Активтер есебінен салынып жатқан маңызды нысанның бірі — құны шамамен 35 млрд теңге бола-

ҚАЙТАН ҚАЗДА ҚАЙЫР БАР

2024 жылы Қазақстанға заңсыз байыған азаматтардың активтері тұрақты түрде қайтарылып отырды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мәлімдеуінше, қайтарылған активтер ка-

тың Риддердегі көпбейінді аурухана кешеніне.

Елге қайтарылған қаражат көлемі шамамен 900 млрд теңгені құрады. 2023 жылы ҚР Президенті «Заңсыз иеленген активтерді қайтару туралы» заңға қол қойған болатын.

ҚАУІПСІЗДІКТІ КӨЗДЕЙТІН ҰҚШҰ САММИТІ

Ел есінде қалған елеулі шараның бірі астанада өткен Ұжымдық қауіпсіздік шарты туралы ұйымының Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы болды. Жиын Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өтті. Саммитке Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті

2024 жылдың көктемінде елдің бірнеше облысын су басты. Тасқын салдарынан 100 мыңнан астам адам баспанасыз қалып, жеті қазақстандық қаза тапқан болатын. Бұл — ел тарихында соңғы 80 жылда болмаған ең ірі су тасқыны апаты. Нәтижесінде, он өңірде төтенше жағдай жарияланды, Мемлекет басшысы жағдайды жеке бақылауына алды.

ВИЗАСЫЗ РЕЖИМ ЕНГІЗІЛДІ

2023 жылдың 10 қарашасынан бастап Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының үкіметтері арасындағы өзара визасыз режим туралы келісім күшіне енді. Бұл келісім екі елдің азаматтарына жеке істермен, туризммен, ешдәлеммен, халықаралық тасымалдаулармен, транзитпен және іскерлік мақсаттармен саяхат жасауға визасыз баруға

ҰЛТ МҮДДЕСІН АЙҚЫНДАҒАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Атырау төрінде өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы қазақ руханияты мен мемлекетшілдігі үшін жана дәуірдің бастамасына айналды. Бұл жиының Жаһық жағасында өтуі кездейсоқ таңдау емес. Әлемге әйгілі Сарайшықтың тарихи мәні,



Алтын Орда дәуірінің мұрасы — қазақ елінің өркеніет тамырының тереңдігін тағы бір мәрте айқындай түсті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы мәңгілік тарихты Жана Қазақстанның келешегімен үндестіріп, болашаққа серпін беретін нақты қадамдар туралы өз ойын ортаға салды.

Мемлекет басшысы ұлттық бірегейлік пен рухани жаңғырудың маңыздылығын айрықша атап өтті. Елдің тұтастығы зиялы қауымның парасатынан бастау алып, халық арасындағы ауызбіршілікпен жалғасының баса айты. Жиында ұлттық сананы жаңғырту мен ұрпақ тәрбиесі басты назарда болды. Президент «Адал азамат» ұғымын қалыптастыру арқылы әділеттілік

кезінде зардап шеккен азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында нарықтан 5,7 мыңнан астам жылжымайтын мүлік сатып алынды. Тоғыз мыңнан астам үйге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, осы мақсаттарға бюджеттен 54,7 млрд теңге бөлінді. Сондай-ақ қысқа мерзімде халық үшін 64 млрд теңгеге 2 680 жеке тұрғын үй салынды. Сонымен қатар электр беру желілерін қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізуге және жол инфрақұрылымын қалпына келтіруге 1,4 млрд теңге жұмсалды.

ШОБ субъектілеріне келтірілген заллды өтеу үшін 12,1 млрд теңге бөлінді. Өңірлік комиссиялар барлығы 14,6 млрд



Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон келді. Сонымен қатар сессия жұмысына Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Бас хатшысы Сергей Лобудев пен Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Мин катысты.

Мемлекет басшысы сессия барысында ұйымның ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін тиімді әрі қажетті халықаралық құрылымға айналғанын атап өтті.

Жиын қорытындысы бойынша, мемлекеттер басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің декларациясын қабылдап, бірқатар құжатқа қол қойды. Тәжік-ауған шекарасын нығайту жөніндегі ҰҚШҰ-ның мақсатты мемлекетаралық бағдарламасы бекітілді. Сонымен қатар президенттер Ұлы Женістің 80 жылдығына байланысты мәлімдеме қабылдап, келесі жылы осы айтулы датаға орай ұйымдастырылатын мерекелік іс-шаралардың жоспарын бекітті.

Биыл Қазақстан ҰҚШҰ-ға төрағалық етті. Соның аясында еліміз 60-қа жуық іс-шара ұйымдастырылған және халықаралық аренада келісілген ұстанымдарды ілгерілету бойынша серіктестермен бірлестікте ауқымды жұмыстар атқарылған. Осылайша, еліміз өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарып, төрағалық ету мәртебесін Қырғыз Республикасына сәтті табыстады.



31 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

ҚазҰУ 90-ЖАСТА



Биыл еліміздің дамуына сүбелі үлес қосқан талай талапты буынды ұясынан ұшырған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына – 90 жыл. Таяуда еліміздің оңтүстік астанасы Алматы қаласында іргелі оқу орнының торқалы тоқсан жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын өтті.

А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Іс-шараға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев, шетелдік конактар, жоғары оқу орындарының ректорлары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатысты.

Жиын барысында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Сондай-ақ Ерлан Тынымбайұлы еліміздің білім беру жүйесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың алар орны айрықша екенін атап өтті.

— Қасиетті қара шаңырақ ғасырға жуық уақыт ішінде іргелі білім ордасына айналды. Білікті мамандар ұстаханасы ретінде өзінің бірегей дәстүрін қалыптастырды. Мұнда халқымыздың біртұар перзенттері, әйгілі академиктер дәріс оқыды. Университеттің мыңдаған түлегі ел игілігіне қызмет етіп, Қазақстанды дамытуға өз үлесін қосты, — деді Мемлекеттік кеңесші Е.Қарин.

Салтанатты жиында Қазақстандағы көшбасшы жоғары оқу орны туралы «Farabi – 90» атты тарихи-деректі фильм көрсетілді. Сондай-ақ іс-шара аясында университет жетістіктері, халықаралық байланысының дамуы және ғылыми-инновациялық жобаларына арналған көрме ұйымдастырылды. Көрмеде білім ордасының базасындағы мұнай-химия, IT, медицина, жасанды интеллект, биология, физика, ғарыштық технология, география салалары бойынша жүргізіліп жатқан ғылыми жобалардың нәтижелері баяндалды.

Университет ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде оқу орнының ғылыми-зерттеу бағытындағы, инновация саласындағы жетістіктері, ҚазҰУ қалашығының бүгінгі тынысы мен университеттің алдағы жоспарлары туралы баяндады. Салтанатты жиында Ерлан Қарин оқу ордасының қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар мен жас ғалымдарға пәтер кілтін табыстады. Іс-шара әрмен қарай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мерейтойына орай әзірленген концерттік бағдарламаға ұласты.

БАҚЫЛАУ КҮШТІ, БАҒА ТҮСТІ

Жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының орташа баға индексі 1,3%-ды құрап, соңғы 10 жылдағы ең төменгі көрсеткішке жетті.

Бұл жайында 29 желтоқсан күні әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын тұрақтандыру мәселелері бойынша вице-премьер – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғалиннің төрағалығымен өткен жиында айтылды.

Орташа баға индексі төмендеген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішінде ка-

тронды шот-фактураларды талдау арқылы жақсартылды.

— Өңірлік комиссиялардың 1,4 мыңнан астам отырысы өтіп, 1 441 заңбұзушылық анықталды. 9,2 мың тауар жеткізу тізбегі талданып, 3,7 мыңнан астам заң бұзу тәуекелі анықталды. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап сауда үстемесін асырғаны үшін



рақұмық жармасы (-35,0%), сәбіз (-9,2%), күріш (-8,2%), ұн (-6,6%), кант (-3,3%), қырыққабат (-0,8%) және күнбағыс майы (-0,4%) бар. Биыл нәтижелі жұмыс атқарып, баға индексі 4 өңірде төмендеді. Олар – Түркістан облысы (-2,8%), Ұлытау облысы (-2,8%), Астана қаласы (-1,5%) және Қызылорда облысы (-0,6%).

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова атап өткендей, бағаға мемлекеттік бақылау жүргізу құзыреті министрлікке берілгеннен бері әкімшілік шаралардың қолданылуы былтырмен салыстырғанда 5 есеге артқан. Мемлекеттік бақылау күшейтіліп, өңірлік комиссиялар жұмысы элек-

тронды шот-фактураларды талдау арқылы жақсартылды.

— Өңірлік комиссиялардың 1,4 мыңнан астам отырысы өтіп, 1 441 заңбұзушылық анықталды. 9,2 мың тауар жеткізу тізбегі талданып, 3,7 мыңнан астам заң бұзу тәуекелі анықталды. 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап сауда үстемесін асырғаны үшін

ҒЫЛЫМДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ АРТАДЫ

Қолданбалы ғылымды мемлекеттік қаржыландыру 2024-2026 жылдарға 476,9 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды.

Үкіметтің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, оның ішінде бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру – 211 млрд теңге, гранттық қаржыландыру – 198 млрд теңге, коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру – 67,9 млрд теңгеге артты.

Ғылыми қызметкерлер саны 25,4 мың адамға жетті, бұл былтырға қарағанда 13%-ға көп.

Жастарды ғылымға тарту мақсатында ҒЖБМ мен «Отбасы банкі» АҚ арасында жас ғалымдарға 2023-2027 жылдарға арналған жеңілдетілген несиелер бағдарламасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. «Отбасы банкі» АҚ келісім шеңберінде 2023 жылғы 1 желтоқсанда жас ғалымдарға арналған ипотекалық несиелер бағдарламасын іске қосты. Несиенің ең көп со-

масы 20 млн теңгені, қарыз мерзімі – 19 жылды құрайды. 2024 жылдың 8 айының қорытындысы бойынша 290 пәтер берілді. Бұл жас ғалымдарды Қазақстанда қалуға әрі елімізде ғылымды дамытуға қосымша ынталандырады. Өтеусіз негізде жас ғалымдарға 20 пәтер берілді.

2023 жылы 809 ғалымға әлемнің жетекші орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өтуге гранттар ұсынылды. Қазір Республикалық комиссияның 2 отырысының қорытындысы бойынша 80 үміткерге ғылыми тағылымдамадан өту мақұлданды.

Ғылыми кадрларды (PhD докторларын) даярлауда жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінеді, докторантураға мемлекеттік тапсырыс 1,9 мың орынға дейін ұлғайтылды.



Еліміз жаңа нарықтарға 1,5 млн тоннаға дейін астық экспорттауды көздеп отыр. Бұл жайында Мәжіліс депутаттарының сауалына Премьер-Министр Олжас Бектеновтің жауабында белгілі болды.

— Биыл Қазақстанның бидай экспорттаудағы әлеуеті шамамен 12 млн тонна деп бағаланып отыр. Қазақстандық өнімдерді жаңа нарықтарға жеткізу, әсіресе көлік шығындары мен бағаның төмендігі тұрғысынан қиындық туғызады. Осыған орай Ауыл шаруашылығы министрлігі азық-түлік астығын тасымалдау шығындарын арзандату үшін субсидия төлеу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының жобасын (бұдан әрі – Жоба) әзірледі. Жоба жұмыс тәртібімен мүдделі мемлекеттік органдармен (Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық экономика министрлігі, Қаржы министрлігі және Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі) келісілді, — деді Үкімет басшысы.

Оның атап өтуінше, Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне және Дүниежүзілік сауда ұйымының ережелеріне сәйкес, экспортты субсидиялауға шектеулер бар. Бұл ретте жобада Қазақстанның экспорттық мүмкіндіктеріне қатысты қандай да бір шектеулердің туындауына жол бермеу мақсатында

АСТЫҚ ЭКСПОРТЫ 1,5 МЛН ТОННАҒА ЖЕТПЕК



экспортқа қатысты ескертпелер мен шектеулер айтпайды.

— Бұл сақтау пункттерін босату және жаңа өткізу нарықтарын ашу үшін қажет (Еуропалық Одақ елдері, Солтүстік Африка, Иран Ислам Республикасы және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері). Жалпы, жаңа нарықтарға 1,5 млн тоннаға дейін астық экспорттау көзделуде. Жобаның маңызды аспектісі – астық тасымалдауды ұйымдастыруда ұлттық теміржол компаниясының жауапкершілігін айқындау. Бұл компания тасымалдауды ұйымдастыратын оператор ретінде белгіленіп, астық тасымалына байланысты көліктік-экспедиторлық қызметтер көрсететін заңды тұлға ретінде әрекет етеді, — деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы бюджеттік субсидиялар операторға азық-түлік астығын тасымалдау үшін көрсетілген нақты қызметтер үшін төленеді. Субсидия төлеу механизмі 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін қолданылатын болады. Бұл кезеңде экспорттаушылар көліктік шығын шеккенін растайтын құжаттар негізінде көмек алады.

— Сонымен қатар оператор алдағы жөнелтілмдерді жоспарлау мақсатында нақты жөнелтілген азық-түлік астығының субсидияланған бағыттары бойынша мониторинг жүргізеді. Сондай-ақ оператор ресми сайтта күн сайын нақты әкетілген астық көлемі және астық тасымалдаудың төленген құнының мөлшері туралы тиісті ақпаратты орналастырады, — деді ол.

Дайындаған Мейір ЖАСЫН



БІЛІМДІНІҢ КҮНІ ЖАРЫҚ

Биыл еліміздегі білім және ғылым саласында бірқатар өзгеріс болды. Отандық білім беруде цифрлық технологияларды белсенді енгізіп отырып, бағалау жүйесін трансформациялау, жоғары оқу орындарында ғана емес, мектепте де тестілеу жұмыстарын цифрлық жүйелер мен заманауи технологиялар арқылы жүзеге асыру көзделіп отыр. Сонымен қатар ғылымды дамытудың басын бағыттары нақтыланып, Ұлттық бірыңғай тест шарттары өзгертілді. Білім саласындағы қызметкерлердің жалақысы артты, жайлы жаңа мектептер салынды.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Білім сапасын арттыру бағытында 5 негізгі міндетті қамтитын 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдама бекітілді. Алыстағы елді мекендердегі мектеп оқушыларын арнайы жоба аясында қашықтан оқытуға мүмкіндік тулды. Мәселен, елімізде 8 мыңға жуық мектеп, 3,9 млн оқушы бар болса, олардың 40 пайызы ауылдық жерде білім алады. Оларға онлайн режимде гимназия, лицей деңгейінде сапалы білім беру жүзеге аса бастады.

Жыл қорытындысына сәйкес, 1 816 оқушы 35 халықаралық олимпиада мен конкурстарға қатысып, 563 медаль иемденіп, оның ішінде 77 бала алтын медаль, 201 бала күміс және 285 бала қола медаль алды.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕП – САПАЛЫ БІЛІМ

Үш ауысымды мектептер саны қысқарып, қазір 3 мыңға жуық мектеп бір ауысымда жұмыс істеуге көшті. 254 орта оқу орны күрделі жөндеуден өтті, 967 мектеп үшін 1 621 заманауи пәндік кабинет (робототехника, химия, биология, физика, STEM) жасалды. 1 млн ауылдық мектеп жаңғыртылды. 10 мыңнан астам білім беру ұйымдарының қауіпсіздік жүйелерімен техникалық жарактандырылды.

Қазір ел бойынша 36 білім ошағының құрылысы аяқталып, жұмысын бастады.

ОҚУЛЫҚТАР ТОЛЫҚТАЙ ЦИФРЛАНДЫ

Оқулықтарды цифрландыру ісі 100% аяқталды. Отандық 13 баспа ұсынған электронды оқулықтар оқушылар үшін 11 платформада қолжетімді. Сондай-ақ бұл платформа электронды журналдар мен күнделіктер жүргізу, бағалау, ұй тапсырмасын беру, жоспар қалыптастыру және қашықтан оқыту сияқты негізгі қызметтерді қамтиды. Платформаның тиімділігін арттыру, пайдаланушыларға келергі келтірмеу мақсатында мектептер Starlink жылдам желісіне қосылды. Бұл интернет жылдамдығын үш есе арттыруға мүмкіндік береді.

ҰБТ-дағы ӨЗГЕРІСТЕР

2024 жылғы ҰБТ-дағы өзгерістерді атап айтсақ, бейіндік пәндерге жаңа тапсырмалар қосылып, тест уақыты қысқарады. Бұрын 4 сағат берілген болса, енді талапкер 3 сағат 30 минутта тест сұрақтарына жауап беріп үлгеруі керек. Дегенмен ерекше қажеті бар балаларға берілетін қосымша 40 минут сақталады. Пән саны бұрынғыдай үшеуі міндетті және екеуі таңдауына қарай, ал «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» деген міндетті пәндерден тапсырма саны 5 сұраққа азайды. Бейіндік пәндер бойынша сұрақ саны артып, жалпы тест тапсырмасы 40 болса, тізім ішінен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылды. Тесттегі сұрақ саны – 120. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» – 20, «Оқу сауаттылығынан» – 10, «Математикалық сауаттылықтан» – 10 және екі бейіндік пән бойынша – 40 тапсырма. Жоғары 140 балл өзгеріссіз қалды.

Шығармашылық бағытты таңдаған талапкерлер «Қазақстан тарихы» мен «Оқу сауаттылығы» пәндерімен қатар, «Математикалық сауаттылықты» міндетті пән ретінде тапсырады. «Математикалық сауаттылықтан» тест тапсырмалары өмірде

дейін оқыған еді. 31 мамырда Саяси қуғын-сүргін және апаршылық құрбандарын еске алу күні болғандықтан, соңғы қоңырау 1 маусымда соғылған болатын. Бұл әлемдік тәжірибеде дұрыс деп мойындалғанымен, бейінді министрлік бұрынғыдай 34 апталық оқу ұзақтығына оралып, сабақты 25 мамырда аяқтау туралы шешім қабылданды.

КОСЫМША БІЛІММЕН ҚАМТУ 86,3%-ға ӨСТІ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, балалардың шығармашылық пен колөнердің қыр-сырын меңгеруі үшін балалар үйірмелерінің жұмысын қалпына келтіру бойынша жұмыстар атқарылды. Балаларды қосымша біліммен қамту 86,3%-ға дейін өсті – бұл 3,3 млн бала, ал қосымша білім беру ұйымдарының желісі 1 625-тен 1 713-ке дейін артты. Елімізде барлығы 1 625 мектептен тыс ұйым және әртүрлі бағыттағы 380 үйірме жұмыс істейді. Сонымен қатар қосымша білім беру ұйымдарының құрылысы қарқынды жүргізілуде, 8 қосымша білім беру орталығы, 3 балалар сауықтыру орталығы (лагерлер), ауылдық мектептерде 779 комьюнити-орталықтар ашылды. 190 қосымша білім беру ұйымы жаңартылды.

Алғаш рет лагерлер үшін бірыңғай талаптар әзірленіп, оның жұмысына волонтерлер мен қосымша білім беру орталықтары тартылды.

АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

Елімізде «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында жыл сайын мектеп оқушыларын жалпыға бірдей міндетті



5-8, 10-сынып оқушылары мемлекеттік тілден емтихан тапсырды. Бұрын мұндай емтиханды 9 және 11 оқитындар ғана тапсыратын. Биылғы мамырдан бастап, оқушылардың қазақ тілін қаншалықты білетіні сын тезіне түсті. Оқушылар ауызша және жазбаша формада емтихан тапсырды. Жылдық баға емтихан нәтижесіне қарай қойылады.

Онда ата-аналардың ерікті жарналары, 5-7% мөлшерінде жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қаражаты жиналатын болады. Айына 1 АЕК мөлшерінде ең төменгі жарна салынатын болса, бала 18 жасқа толғанша 3,3 млн теңгеден астам қаражат жинауы мүмкін болады. «Келешек» бағдарламасы арқылы қаржыландыру 2036 жылға дейін жүргізіледі деген жоспар бар. Кейін жоғары оқу орындарына берілетін грант біртіндеп азая береді. Бұл ретте мемлекет азаматтарды оқуға ақша жинауға ынталандыруға күш салып отыр.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ЕМТИХАН ЕНГІЗІЛДІ

5-8, 10-сынып оқушылары мемлекеттік тілден емтихан тапсырды. Бұрын мұндай емтиханды 9 және 11 оқитындар ғана тапсыратын. Биылғы мамырдан бастап, оқушылардың қазақ тілін қаншалықты білетіні сын тезіне түсті. Оқушылар ауызша және жазбаша формада емтихан тапсырды. Жылдық баға емтихан нәтижесіне қарай қойылады.

25 МАМЫР – СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

Оқу жылы 25 мамырда аяқталады. 2022-2023 оқу жылы алғаш рет 36 аптаға созылып, оқушылар мамырдың соңына

ҚАУІПСІЗ ОРТА

Мемлекеттің басым міндеті – бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың құқықтарын қорғау. Барлық мектептерде «Қауіпсіздік сабақтары» енгізіліп, психологиялық қолдау орталықтары өз жұмысын бастады. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының штаты 64%-ға өсті, сондай-ақ бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдер мәртебесі бекітілді. Өңірлерде зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмектесу үшін арнайы бағдарлама жүзеге асырылып, пилоттық форматта KiVa және DOSBALLIKE бағдарламаларын іске қосу жоспарланып отыр. Мектептерде өрт және терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, дабыл түймесі, бейнебақылау жүйелері, турниктер мен лицензияланған күзетші міндетті болуы жөніндегі қауіпсіздік талаптары күшейтілді. Білім беру ұйымдары тиісті жүйелерімен барынша жабдықталды.

БАСТЫ НАЗАР – ҒЫЛЫМДА

Еліміздің халықаралық аренадағы позицияларын жақсарту үшін ғалымдарға қажетті жағдай жасау және инфрақұрылымды дамыту жұмыстарын жалғастыру – басты бағыттардың бірі саналады.

Ғылыми кадрларды даярлау үшін қосымша 100 грант бөлінді, сондай-ақ индустриялық PhD бағдарламасы алғаш рет енгізілді. Білім беруді жаңғырту мақсатында Цифрлық университеттер моделі әзірленіп, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ және және Д.Серікбаев атындағы ШКТУ базасында пилоттық режимде енгізілетін болады. 1 қыркүйек айынан бастап 49 ЖОО-да толық көлемде кеңейту жұмыстары жүзеге асты.

ӘЛЕМДІК БІЛІМ КЕНІСТІП ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Отандық білімді әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялауға ұмтылыс негізінде QS World University Rankings сияқты университеттердің халықаралық рейтингіне 21 қазақстандық жоғары оқу орны, ал Times Higher Education рейтингіне 29 ЖОО қатысты, оның ішінде 4 жоғары позицияға ие болды. Сонымен қатар жыл сайын 200 ғалымды тартуға қаражат бөлініп, ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға септігін тигізуде. 102-ге жуық Coursera курсы қазақ және орыс тілдеріне аударылып, 2024 жылға дейін 93 жоғары оқу орнының қазақстандық студенттеріне 40 мың лицензия бөлінген болатын. Нәтижесінде, студенттер әлемнің жетекші университеттерінің 20 мыңнан астам онлайн курстары мен 4 200 жасанды интеллект курстарына қол жеткізді. OpenSearch сияқты IT жобаларына тарту және салалық тәжірибе алу үшін Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Amazon арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Жас ғалымдарды әлеуметтік қолдау механизмдері де іске қосылып, оның ішінде академиялық дәреже үшін ақы төлеу, әлеуметтік қолдау негізінде «Отбасы банкпен» бірлесіп, үй алу бойынша қанағаттық жоба енгізілді.


ШӘКІРТАҚЫ ӨСТІ

Студенттердің шәкіртакысы 20 пайызға өсті. Оның ішінде педагогикалық және медициналық бағыттағы студенттер үшін айтырылмай жоғарлады. Қазір бұл салаларда білім алушылар 75 мың теңге шәкіртакы алады. Интернтерлер үшін стипендия 85 мың теңгені, резиденттер үшін 123 мың теңгені, ал магистранттар мен докторанттар үшін өсім 15-20%-ды құрады.

Ал 300 мыңнан астам колледж студенттерінің шәкіртакысы 50%-ға артып, 2022 жылмен салыстырғанда 2 есеге көбейді.

ЖАТАҚХАНАЛАР САНЫ АРТТЫ

Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, жыл сайын 10 мыңға жуық орын енгізу жоспарлануда. Соңғы 5 жылда студенттерді 50 мыңнан астам жаңа төсек-орынмен қамтамасыз ететін 211 жатақхана салынды. 2024 жылы қосымша 10 576 орынды пайдалануға беру арқылы 27 жатақхананың құрылысын аяқтау жоспарланып, тамыз айына дейін 4650 орындық 17 жатақхана пайдалануға берілді.



АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

Еліміздің кез келген азаматы өзін толғандырған мәселе немесе белгілі бір сұрақтар бойынша өз құқығының қорғалуы үшін қалай әрекет етуі керек? Мәселен, Конституция азаматтардың мемлекеттік мекемелерге, сондай-ақ жария функцияларды жүзеге асыратын басқа да ұйымдарға өтініш беру құқығына кепілдік береді. Өтініштерді қабылдау ҚР азаматтарының мемлекеттік органдарға өтініш берудегі конституциялық құқығын іске асыруға байланысты ұйымдастырылады. Сондай-ақ лауазымды адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас тәртібін құқық қорғау органдары бөлімшелерінің қызметкерлері белгілейді. Ал құқық қорғау органдары жүйесінің регламенті азаматтарды қабылдауды жүзеге асыруға, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін уақытылы әрі толық қарауды және олар бойынша шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Жаһанды цифрландыру кезеңінде құқық қорғау органдарына жеке және заңды тұлғалар жазбаша өтініштерден бөлек, кез келген өздеріне ыңғайлы тәсілмен, атап айтқанда, электронды пошта, e-Otinish, Documentolog (ОДО) ақпараттық жүйелері және Call-орталық арқылы жүгінуге құқығы бар. Өз кезегінде, құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғалары келіп түскен өтінішті (өтініш, шағым, өтінішхат, ұсыныс, үн қосу) қарау кезінде ведомстволық регламентте және өзге де нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген ҚР қолданыстағы заңнамасын қатаң басшылыққа алуға міндетті. Бұл ретте құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғалары өтініш берушіге қарау нәтижелері мен қабылданған шешім туралы заңда белгіленген мерзімде жазбаша түрде хабар береді.

Өтініштерді қараудың негізгі мақсаты – құқықтық көмек көрсету, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіру. Биыл ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Абай облысы бойынша департаментіне 646 жазбаша өтініш түсті, ол өтініштерді бейінді ведомство қызметкерлері тіркеп, қарады және тиісті әрекет ету шараларын қолданды. Мысалға, департамент құзыреті шеңберінде облыс тұрғынына жер учаскесін алу және ресімдеу тұрғысында жәрдем көрсетіліп, оның құқықтары қалпына келтірілді. Бұл ретте өтініш берген азаматтың сыбайлас жемқорлық көріністеріне тезбеушілік ұстанымын танытуының арқасында лауазымды тұлғалардың бюджет қаражатын иемдену және ысырап ету деректерінің жолы кесілді. Осы орайда айтағымыз, облысымыздың кез келген азаматы өзінің құқығының қорғалуын, түйінді мәселені шешілуін заңды конституциялық тұрғыда қамтамасыз етуі үшін тиісті мекемеге өтініш жазуына болады. Азаматтардың өтініші міндетті түрде заңды негізде тіркеліп, қаралатын болады. Сонымен қатар бекітілген кестеге сәйкес департамент басшылығы күн сайын әртүрлі мәселелер бойынша азаматтарды жеке және бейнеконференция байланысы арқылы қабылдайды.

У.СӘДУАҚАСОВ,

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Абай облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары



31 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ

ЮНЕСКО КӨЛЕМІНДЕ ТОЙЛАНҒАН МЕРЕЙТОЙ

Қазақ әдебиетінде қайталанбас қолтаңба қалдырған, өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген қаламгердің бірі, қара сөздің камбасы – Бердібек Соқпақбаев. Ол балалар мен жасөспірімдерге арналған 20-дан астам әңгіме, повесть, роман жазған. Айтулы мерейтой қарсаңында Бердібек Соқпақбаевтың



туған жері Нарынқол ауданында сәулетті ескерткіш бой көтеріп, жазушының есімі бірқатар саябаққа, білім ошағы мен облыстық кітапханаға берілді. Одан бөлек, Астана қаласында озық туындысы «Менің атым Қожа» кейіпкері Қожаның мүсіні орнатылды. Бұл – Соқпақбаев шығармашылығының ұлт руханиятында ерекше орын алатынын дәлелі. Биыл балалар жазушысының 100 жылдығы Парижде ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде аталып өтті. Іс-шара Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылған еді. Шара барысында «Менің атым Қожа» кітабының француз тіліндегі нұсқасының тұсаукересі өтті.


Айта кетейік, жазушының 100 жылдығы ТҮРКСОЙ ұйымы аясында да тойланды. «Өлгендер қайтып келмейді» кітабы түрік тіліне аударылып, Бас хатшы Сұлтан Раевтың бастамасымен Анкара мен Ыстанбұл қалаларында халықаралық конференция мен бірнеше көрме өткізілген.

Қаламгердің өлмес туындылары әлі де жас буынның рухын көтеріп, өмірге деген құлшынысын арттыратыны сөзсіз.

ҚАЗАҚТЫҢ КЛАССИК БЕЙІМБЕТІ

Заңғар жазушы, қарасөздің шебері Бейімбет Майлин ұлт руханиятын байытқан небір соқталы туындылар жазып қалдырды. Өлең жазып, поэзиядан прозаға ойысып, драматургияда да із қалдырды. Биыл 130 жылдық мерейтойы аталып өтті. Осындай атаулы күнде қаламгердің туған өлкесі Қостанайда әдебиетшілер конференциясы жоғары деңгейде болып өтті. Жиында Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығының түрлі аспектілері, қазақ әдебиетінің дамуына қосқан өлшеусіз үлесі, шығармаларының өміршеңдігі талқыланды. Бейімбет Майлиннің шығармалары әдеби процеске жана формалар мен идеялар әкелді.

Мерейтойда өткен шараның бірі – Л.Толстой атындағы ғылыми әмбебап кітапханасындағы мазмұнға бай сөздерде туғанын шығарма жинақтарынан құралған көрменің ұйымдастырылуы. Тағы бір айта кететін жайт, І.Омаров атындағы қазақ драма театры ұжымының қатысуымен Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығына арналған «Қаламгер» спектаклі қойылды.



АБЫЗ ӘБІШТІҢ 85 ЖЫЛДЫҒЫ АТАЛЫП ӨТТІ

Қазақстанның Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасының тұңғыш Мемлекеттік хатшысы Әбіш Кекілбаевтың биыл 85 жылдық мерейтойы аталып өтті.

Мерейтой аясында Ақтау қаласында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды. Сондай-ақ «Әбіш Кекілбайұлы оқулары – 2024» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп, оған Түркия, Мажарстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан және отандық ғалымдар қатысты. Сонымен қатар мерейтойға арналған «Әбіш әлемі» халықаралық театр фестивалі, «Әбіш әлемі – суретшілер көзімен» атты республикалық симпозиум көрменге жол тартқан еді.

Одан бөлек, 4 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен К.Қуанышбаев атындағы Қазақ Ұлттық музыкалық драма театрында Қазақстанның халық жазушысы, Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының 85 жылдығына арналған «Кемел тұлға келбеті» атты халықаралық форум өтті.

Форум аясында Әбіш Кекілбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған фото және кітап көрмесі ұйымдастырылды. Ә.Кекілбаевтың «Мазмұндама» баспасынан жарық көрген «Дәурен кешкен» кітабының (құрастырған – маңғыстаулық ғалымдар Әділет Қабылов пен Бактыбай Жайлауов) таныстырылымы болды.

Белгілі тұлғаның мерейтойында ұйымдастырылған шаралардың ішінде ABISH ALEMІ ІІІ Халықаралық театр фестивалінің орны айрықша.

Мәдениет – қоғамның рухани кемелденуіндегі негізгі бағыт. Биыл елімізде осы бағытта бірқатар ілкімді жұмыстар жүзеге асты. Музыкада, кино өндірісінде, әдебиетте де елеулі оқиғалар болып, біраз белестерді бағындырды. Жыл айтулы даталарға толы болды. Солардың ішінде қазақ даласында туып, түрлі тақырыпқа қалам тербеген жазушылар мен саф өнерімен жұртты таңдай қақтырған өнер майталмандарының мерейтойларына тоқталып, шолу жасағанды жөн көрдік.

Мерейлі ЖЫЛДАР мерекесі

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АКСҰНҚАРЫ

Сәкен Сейфуллин – қазақ ақыны, драматург және Қазақстан Жазушылар одағының негізін қалаушы. Биыл жазушының 130 жылдық мерейтойына орай республика көлемінде «Қазақ әдебиетінің ақсұнқары» атты фестиваль өтті. Фестиваль аясында ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеуші ғалымдар, ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлерінің құнды пікірлері тыңдалып, педагогтер мен білім алушыларға арналған байқаулар жарияланып, көптің қызығушылығын тудырған еді. Сонымен қатар Республика көлеміндегі С.Сейфуллиннің есімі берілген мектептердің ерекшеліктері және Сәкен мұражайлары мен кабинеттерінің білім алушылар мен педагогтердің шығармашылық және зияткерлік қабілетін арттырудағы құндылықтарын дәріптейтін телекөпір сәтті аяқталды. Биыл мемлекет қайраткері жайлы том-том кітап жарық көріп, зерттеу жұмыстары белсенді түрде жүргізілген. Нәтижесінде, 3 бірдей туынды жарық көрді.



СЕРІЛІК ДӘСТҮРДІҢ ДАРАБОЗЫ

Кенен Әзірбаев – артына өлмес мол мұра қалдырып, халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани асыл қазыналарын бүгінгі өмірімен сабақтастыруға өлшеусіз үлес қосқан өнерпаз. Кеменгер күйшінің туғанына 140 жыл толуына орай, биыл композитордың 107 әні, 7 күйі, айттыстағы ән туындылары тұңғыш рет домбыраға лайықталып, нотаға түсірілді. Сондай-ақ Байзақ ауданындағы өзінің аты берілген музыкалық мектепте бюста ашылды. Ақынның өлмес өлең-жырлары мен әсем ән-күйлері халықпен бірге мәңгі жасай бермек. Аты аңызға айналған тарихи тұлғалар жайлы жазғандары халық игілігіне айналып отыр. Бүгінде ақынның ән-жырлары баспадан үздіксіз шығып келеді.



ПЛАНЕТАРЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕГІ ТҰЛҒА

Ұлт мақтанышы, Қазақ елінің қазына байлығын ашқан, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының негізін қалаушы әрі тұңғыш президенті, алғашқы академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына – 125 жыл. Ғалымның мерейтойына орай Астана қаласының К.Сәтбаев көшесінде алғашқы академиктің барелье-



фісі ашылды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Планетарлық деңгейдегі тұлға» атты көрме және «Қаныш Сәтбаев – ұлт мақтанышы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция көпшіліктің көкейіндегі сауалға жауап беріп нәтижелі аяқталды.

Айта кету керек, Қаныш Сәтбаев – есімі мемлекет тарихында алтын әріппен жазылған ұлттың біртуар перзенті, ЮНЕСКО деңгейінде 125 жылдығы тойланған аса көрнекті геолог-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, XX ғасыр ғұламасы.

Ғұлама ғалымның мерейтойын атап өтуге арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жалпыреспубликалық жоспары аясында биыл республикалық және халықаралық деңгейдегі 50-ден астам іс-шара өтті.

ТУРАР РЫСҚҰЛОВ – 130 ЖЫЛ

Тұлқабастың тумасы Тұрар Рысқұлов – халықтың аяулы перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, түркі тілдес халықтардың бірігуіне ұйытқы болған айбынды көшбасшы. Биыл Тұрар Рысқұловтың 130 жылдығына орай іс-шаралар тізбегі Түркістанда бастау алған еді. Атаулы күнге орай ұйымдастырылған ауқымды шараға шетелдік ғалымдар, зиялы қауым өкілдері, тұрартанушы тұлғалар бас қосып, көшбасшы туралы ізденістерімен



бөліскен болатын. Сондай тың деректер кейінгі буынға жетіп, дара тұлғаның өмір жолы халық жадында сақталмақ.

Тұлқабастағы ұлы тұлғаның есімі берілген аудандық тарихи-өлкетану музейінде кітап көрмесі мен жәдігерлер таныстырылып, Тұрар Рысқұловтың немересі Аделя Рысқұлова музей қорына құнды жәдігер табысты. Сондай-ақ атаулы күнде аудандық мәдениет үйіндегі шарада біртуар азамат туралы арнайы дайындалған фильмнің үзіндісі көрсетіліп, қонақтарға қазақтың Тұрары жайында ақпарат берілді. Мерейтой жылында ерекше атап өтетін жайт – «Ұлы дала перзенті Тұрар Рысқұлов» атты кітабының тұсауы кесілуі.

Тұрар Рысқұловтың ұйытқы болуымен 1926 жылы 14 шілдеде «Ақсу-Жабағалы» қорығы, 1925 жылы Түлкібас әк зауыты, 1927 жылы Түлкібас теміржолы салынған. Тұрар Рысқұловтың 130 жылдығына орай Түлкібас ауданының орталығына, орталық көшеге, аудандық мұражайға Тұрар Рысқұловтың есімі берілді. Сол сияқты «Жанкент» шағынауданындағы «Тұңғыш Президент» саябағына ескерткіш, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күрежолының бойына, Тұрар Рысқұлов атындағы орта мектептің маңына, аудан әкімшілігінің алдына көрнекті ескерткіштері орнатылды.

ПОЭЗИЯ ПАДИШАСЫ – ФАРИЗА

академиялық кітапханада «Өлең, мен сені аялап өтем...» атты әдеби-сазды кеш өткен болатын. Аталған жоба Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы мен Шымкент қаласының Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің студенттерінен құралған «Алқа» әдеби бірлестігінің бірлесе ұйымдастыруымен өткізілді.

Фариза Оңғарсынованың әдеби мұрасын кеңінен насихаттау, жастарға рухани тәрбие беру, кітап оқуға құштарлықты арттыру, көркем шығарманың әдеби-эстетикалық күш-қуаты арқылы оқырман талғамын қалыптастыру мақсатында өткізілген іс-шараға Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің студенттерінен құралған «Алқа»

әдеби бірлестігінің жетекшілері мен студенттері арнайы келді. Ақын шығармаларына әдеби-теориялық талдау жасап, өлеңдерінен композиция қойып, ғұмырнамасына қатысты көрермендер арасында интеллектуалды ойындар ойнатты. Іс-шара ұйымдастырушылары Ұлттық академиялық кітапханасына университет ректорының алғысхаты мен арнайы сыйлығын ұйымдастырған жобаға елордалық студенттер, оқырмандар белсене қатысты.

Айта кету керек, поэзия падишасының 85 жылдық мерейтойына орай Әлия Дәулетбаеваның «Фариза Оңғарсынова кім?» атты балаларға арналған кітабы жарық көрді. Мұнда ақын қыздың өмір жолы мен шығармашылығы баяндалған.



Фариза Оңғарсынова қазақ әдебиетіне қуатты, сырлы жырларымен келіп, ұлттық поэзияның дара тұлғасына айналды. Ақынның қайталанбас мінезі мен терең философиясы оның өлеңдерін биік шыңға шығарып, қазақтың көркем сөзін жаңа деңгейге көтерді. Ақынның тырнақалды туындылары 1958 жылдан бастап жарық көре бастады, ал 1966 жылы алғашқы «Сандуғаш» өлеңдер жинағы басылып шықты. «Жыр қарлығашының» биыл 85 жылдық мерейтойы тойланды. Осыған орай, бас қаладағы Ұлттық



31 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | СЕЙСЕНБІ



ЖАҢА ЖЫЛ – ЖАҢА ҚАДАМ, ЖАҢА БАҚЫТ!

Ел жылнамасының тағы бір тарихи кезеңін аяқтап, жаңа белесіне қадам басамыз. Өткен жылды қорытындылап, енді бір баянды кезеңге берекелі жоспар құрамыз. 2024 жыл халқымыз үшін сын-қатері мен жақсылық-жетістігі қатар келген жыл болды. Қазақстан жұрты еліміздің басына түскен қиын сәттерде қайғысын бөлісіп, мемлекетіміз үшін жемісті кезеңдерде қуанышқа ортақтаса білді. Қазақтың жыл қайыру дәстүрі бойынша 2025 жыл – Жылан жылы. Қазына басатын Жылан жылынан күтетін жақсылығымыз көп. Бірақ Жылан жылы наурызда кіреді. Дегенмен 2025 жылы әр шаңырақ шаттыққа кенелсін! Еліміз аман, бауырымыз бүтін, жеріміз тыныш болғай!



Газеттің келесі нөмірі
2025 жылдың 7 қаңтарында шығады



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баһи ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4540

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,